

<p>«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ</p>	<p>Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен өткізу тәртібі</p>	<p>ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 1-бет</p>
--	---	--

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

ЗЕРТХАНАЛЫҚ, ПРАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СЕМИНАР САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТАЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

ӘН V-09-2022

**Әзірлеген: АМД Директоры
Ударцева С.М.**



«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 2-бет
--	---	--

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4 Жалпы ережелер	4
5 Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын өткізу үйимдастыруға қойылатын талаптар	5
6 Практикалық және семинар сабактарын өткізу тәртібі	7
7 Оқытушының құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері	7
8 Студенттің құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері	7
9 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	7
10 Қолжетімділікті қамтамасыз ету	8
11 Сактау	8
12 Талдау және өзектендіру	8
13 Өзгерістер енгізу	8
А қосымшасы Келісім беті	9
Б қосымшасы Танысу беті	10
В қосымшасы Библиография	11

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 3-бет
---	--	--

1 Қолдану саласы

Осы әдістемелік нұсқаулықтар (ӘН) "Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті" КеАҚ-да жүзеге асырылатын жоғары кәсіптік білім беру мамандықтары мен дайындық бағыттарының зертханалық, практикалық және семинарлық сабактарын ұйымдастыру және откізу тәртібін белгілейді.

Осы нұсқаулықты «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-дың барлық факультеттерінің қызметкерлері мен студенттері қолданады және сапа менеджмент жүйесінің (СМЖ) ішкі нормативтік құжаттарының құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Әдістемелік нұсқаулықта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР X-01-2022 «Құжатталған ақпаратты басқару».

ЕР V-08-2022 «Мәтіндік оқу құжаттары мен негізгі жазуларды рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар».

ӘН V-06-2022 «Графикалық құжаттарға қойылатын жалпы талаптар».

ЕР X-01-2022 «Оқу-әдістемелік кешенді ресімдеу ережелері».

ЕР X-05-2022 «Оқу-әдістемелік әдебиетті ресімдеу ережелері».

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Әдістемелік нұсқаулықта тиісті анықтамалары мен қысқартулары бар мұнадай терминдер қолданылады:

оқу сабагы - аудиториялық және аудиториядан тыс нысандарда жүзеге асырылатын, білім алушылардың оқытушының басшылығымен мамандықтың МЖМБС-да (даярлау бағыты) және жұмыс оқу бағдарламасында айқындалған оқыту мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерді орындаудың тұратын оқу процесінің түрі;

зертханалық сабак - оқу пәнінің теориялық негіздерін меңгеруге және аспаптарды, жабдықтарды, техникалық және аспаптық құралдарды, есептеу техникасын практикалық пайдалану негізінде эксперимент нәтижелерін қою, жүргізу, өндөу және ұсыну жолымен зерттеудің практикалық дағдыларын алуға бағытталған оқу сабагының түрі;

зертханалық жұмыс - зертханалық сабакта орындалатын зерттелетін курс бойынша нақты оқу тапсырмасы;

оқу зертханасы - белгілі бір тақырып (пән) бойынша жұмыстар жүргізуге арналған аспаптармен, жабдықтармен, техникалық, аспаптық құралдармен, есептеу техникасымен жаракталған зертхана.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» ҚеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарының ұйымдастырылу мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 4-бет
---	--	--

Университет – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» ҚеАҚ;

ӘН – әдістемелік нұсқаулық;

ҚТЖЕҚ – қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;

АМД – ақадемиялық мәселелер жөніндегі департамент;

СМЖ – сапа менеджмент жүйесі;

СМЖАО – сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы.

4 Жалпы ережелер

4.1 Зертханалық, практикалық және семинарлық сабактар теориялық ережелерді эксперименттік растауға және оқу мен кәсіби практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқу сабактарының негізгі түрлеріне жатады, олар теориялық және кәсіби практикалық дайындықтың маңызды бөлігін құрайды.

4.2 Мақсаты:

4.2.1 Зертханалық сабактар - арнайы техникалық қуралдарды пайдалана отырып білім алушылардың оқытылатын пәннің мазмұны мен әдіснамасын практикалық менгеру.

4.2.2 Практикалық және семинарлық сабактар - студенттердің танымдық қабілеттерін, ойлау дербестігі мен шығармашылық белсенділігін дамыту.

4.3 Міндеттері:

4.3.1 Зертханалық сабактардың міндеттері:

- білім алушылардың ғылым, техника және технологияның тиісті саласында тәжірибе жасау әдістемесін менгеруі;

- зерттелген теориялық материал негізінде оқу-зерттеу және нақты практикалық міндеттерді шешу тәжірибесін алу;

- эксперимент жүргізу тәжірибесін алу;

- жүргізілген зерттеу нәтижелерін өндөу дағдыларын қалыптастыру;

- зерттеу нәтижелерін рәсімдеу және ұсыну дағдыларын қалыптастыру;

- алынған нәтижелерді талдау және талқылау, қорытындыларды тұжырымдау.

4.3.2 Практикалық және семинарлық сабактар міндеттері:

- оқу пәннің білімін бекіту, терендету және кеңейту;

- студенттерді оқу пәннің теориялық ережелері мен тұжырымдамаларын талдаудың практикалық әдістерімен оқыту;

-нақты практикалық міндеттерді шешуде білім алушылардың қазіргі заманғы теориялық және ғылыми-техникалық әдістер мен құрылғыларды пайдалану біліктері мен дағдыларын игеру;

- оқу пәннің нақты такырыбы бойынша әдеби дереккөздерді зерттеу және талдау.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 5-бет
--	--	--

4.4 Зертханалық сабактар санитариялық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау (ТБ және ЕҚ) талаптарына жауап беретін қажетті аспаптармен және жабдықтармен, техникалық және аспаптық күралдармен қамтамасыз етілген оқу зертханаларында жүргізілуге тиіс. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету ғылым мен техниканың тиісті саласында эксперимент жүргізудің қазіргі заманғы денгейіне сәйкес келуге тиіс.

4.5 Практикалық сабактарды өткізу формалары:

- тақырыптық есептерді шешу;
- жаттығуларды орындау;
- іскерлік ойындар өткізу;
- оқытылатын оқу пәндерінің ерекшелігіне байланысты басқа да қызмет түрлері.

4.6 Семинар сабактарының формалары:

- оқу пәнінің маңызды тақырыптары бойынша студенттердің хабарламалары мен баяндамаларын талқылау;
- сабак жоспарына сәйкес оқу пәнінің нақты мәселелерін талқылау;
- білім алушылар ұсынған бастамашылық міндеттер мен мәселелерді талқылау;
- оқу пәнінің теориялық ережелері мен тұжырымдамаларын талдау;
- сындарлы пікірталас;
- семинар – «дөңгелек үстел»;
- семинар – «миға шабуыл»;
- семинар-экскурсия;
- «шағын топтар» әдісі;
- «баспасөз конференциясы» әдісі;
- «түпдеректерге түсінік беру» әдісі;
- семинар-іскерлік ойын және т. б.

5 Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын өткізу үйымдастыруға қойылатын талаптар

5.1 Пән бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін негіз болып табылады:

- ЕР V-08-2022 «Мәтіндік оқу құжаттары мен негізгі жазуларды рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар».
- ЕР X-01-2022 «Оқу-әдістемелік кешенді ресімдеу ережесі»,
- ЕР X-05-2022 «Оқу-әдістемелік әдебиетті ресімдеу ережесі»-не сәйкес ресімделген пәннің жұмыс оқу жоспары;
- оқу сабактарының кестесі.

5.2 Пәннің тақырыбы (бөлімі) бойынша зертханалық жұмыс, әдетте, сәйкес дәрістерден озып кетпеуі керек.

5.3 Кіріспе (бірінші) сабакта оқытушы оқу зертханасында және зертханалық жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелері бойынша

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 6-бет
--	--	--

нұсқау беруге міндettі. Нұсқама жүргізу міндettі түрде әрбір зертханадағы ҚТ және ЕҚ жөніндегі журналда тіркеледі.

5.4 Сабак сонында мұғалім есепті тексеру және/немесе қорғau (әңгімелесу) арқылы студенттің жұмысын бағалайды.

5.5 Зертханалық жұмыстарды жүргізу мыналарды қамтиды:

- зертханалық жұмыс тақырыбы бойынша білім алушының аудиториядан тыс дайындығы;

- білім алушының зертханалық жұмысқа дайындығына кіріспе бақылау: теориялық материалды, жұмысты жүргізу тәртібін игеру, ҚТ және ЕҚ талаптарын, есепке қойылатын талаптарды білу;

- зертханалық жұмыстарды орындау;

- есепті ресімдеу және оны келесі зертханалық сабак кезінде немесе оқытушы келіскең уақытта қорғau және оны рейтинг балдарымен бағалау;

- зертханалық жұмыстарды орындау нәтижелері бойынша білім алушылардың аралық және қорытынды рейтингтерін қалыптастыру.

5.6 Зертханалық сабактар осы пән бойынша зертханалық жұмыстар цикліне әдістемелік нұсқаулар жиынтығын қамтитын қажетті әдістемелік материалдармен жеткілікті көлемде қамтамасыз етілуі тиіс.

Әдістемелік материалдар ЕР V-08-2022, ӘН V-06-2022 талаптарына сай болуы тиіс.

5.7 Зертханалық жұмыс туралы есепке қойылатын талаптар:

5.7.1 Есеп білім алушының тапсырманы орындағанын куәландыратын құжат болып табылады және мыналарды қамтуы тиіс:

- титулдық бет;

- зертханалық жұмыстың мақсаты мен міндettterі;

- негізгі бөлім (зерттеу объектісінің сипаттамасы, жұмыс әдістемесі, қондырығының (аспаптың) сипаттамасы және/немесе сызбалары, тәжірибелер (өлшеулер) нәтижелері, нәтижелерді өндеу, қателіктерді бағалау және қателер көздерін талдау, нәтижелерді талқылау, қорытындылар);

- бақылау сұраптарына жауаптар, тапсырмаларды шешу;

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

- қосымшалар (қажет болған жағдайда).

5.7.2 Зертханалық жұмыс туралы есеп жұмыс дәптерінде немесе А4 форматындағы параптарда орындалады. Зертханалық жұмыстар циклінің ерекшеліктеріне байланысты есепті әрбір білім алушы жеке жасайды немесе 3-4 студенттен тұратын кіші топқа (бригадаға) жалпы есеп жасайды.

5.7.3 Оқытушымен келісім бойынша зертханалық жұмыс туралы есепті электрондық түрде ұсынуға рұқсат етіледі. Бұл ретте ұсынылған электрондық нұсқаны құжаттауды оқытушы жүзеге асырады.

5.8 Практикалық және семинарлық сабактар оку пәнінің жұмыс бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылады және өткізіледі.

5.9 Практикалық және семинарлық сабактар білім алушылардың академиялық тобының құрамында өткізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 7-бет
--	---	--

5.10 Практикалық және семинарлық сабактар әдістемелік нұсқаулармен, қажетті оқу және ақпараттық-анықтамалық әдебиеттермен, бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.11 Практикалық және семинарлық сабактардың қорытындылары модульдік-рейтингтік жүйеге сәйкес топтардың журналында білім алушылардың білімін бақылау кестесіне сәйкес тіркелуі тиіс.

6 Практикалық және семинар сабактарын өткізу тәртібі

6.1 Сабактың тақырыбы тұжырымдалады; оның маңыздылығы мен басқа оқу пәндері мен сабактармен байланысы түсіндіріледі.

6.2 Білім алушылардың дайындығы тексеріледі.

6.3 Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес және тақырыпқа сәйкес сабак өткізіледі.

6.4 Білім алушылардың рейтингін қоя отырып, қорытындылар шығарылады.

7 Оқытушының құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері

7.1 Оқытушы оқу процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, практикалық және семинар сабактарының мазмұнын анықтауға, оларды жүзеге асырудың әдістері мен құралдарын таңдауға құқылы.

7.2 Оқытушы осы ӘН талаптарына және сабактарды өткізудің мазмұны мен әдістемесіне қатысты қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыруға және өткізуге жауапты.

7.3 Оқытушы оқу жұмыс бағдарламасына (syllabus), күнтізбелік жоспарға сәйкес сабактар өткізуге және оқытудың қажетті құзыреттері мен нәтижелерін қалыптастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

8 Студенттің құқықтары, жауапкершілігі және міндеттері

8.1 Білім алушы қажетті алдын ала дайындықпен кестеде белгіленген уақытта практикалық немесе семинарлық сабакқа келуге, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға міндетті.

8.2 Білім алушы дәлелді себептермен босатқан практикалық (семинар) сабактарының тапсырмаларын оқытушымен келісілген консультация сағаттарында орындауға құқылы.

8.3 Білім алушы жауапты:

- практикалық (семинарлық) сабакты дәлелсіз себеппен өткізіп алу;
- практикалық (семинарлық) сабакқа дайын болмау ;
- тапсырмаларды уақтылы тапсырмау;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 8-бет
--	---	--

9 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу

Осы ӘН-ты келісу СБӘ-мен, басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі Проректормен жүзеге асырылады және «Келісу парагында» (Б қосымшасы) ресімделеді.

Құжатты бекіту/келісу күні құжатты енгізу күні болып есептеледі. Құжат бекітілген сэтте күшіне енеді.

10 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

Бөлімшелерді осы ӘН даналарымен қамтамасыз ету сайтқа орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

11 Сақтау

Осы ӘН сақтау КР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

12 Талдау және өзектендіру

Осы ӘН тексеру, талдау және өзектендіру КР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

13 Өзгерістер енгізу

Осы ӘН-ка өзгерістер енгізу КР X-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАК	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын үйімдастыру мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күн 2022.11.02 11ден 9-бет
--	--	---

А қосымшасы (міндетті)

Келісім беті

Φ.01-2022

<p>«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ</p>	<p>Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен откізу тәртібі</p>	<p>ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 10-бет</p>
---	---	--

Б қосымшасы (міндетті)

Танысу парагы

Φ.02-2022

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Әдістемелік нұсқаулық Зертханалық, практикалық және семинар сабактарын ұйымдастыру мен откізу тәртібі	ӘН V-09-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 11ден 11-бет
--	--	---

Библиография

[1] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бүйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

[2] Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бүйрығымен бекітілген жоғары және жоғары окуорнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарты.

[3] Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.

[4] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуіріндегі №152 бүйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оку процесін ұйымдастыру қағидалары.

[5] «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ жарғысы.

[6] «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі тәртіп ережелері.